

## Докторанттар семинарға қатысты

2018 жылдың 3 желтоқсаны күні орыс тілі мен әдебиеті кафедрасында докторанттардың ғылыми-зерттеу семинары өтті. Семинарда 2 курс докторанты Толғанай Құрманбаева баяндама жасады. «Оқыту мақсатындағы ғылыми-техникалық терминологияның сипатталуы мен аударылуының теориялық-әдістемелік негіздері жайлы» тақырыбындағы баяндама тыңдаушылардың қызығушылығын тудырды, сұрақтар мен ой-пікірлерімен бөлісті.

Докторлық семинарлардың пікір таласпен қатар, кеңес беріліп жайлы өтуі жас ғалымдарға болашақ диссертацияларының кейбір аспектілерін нақтылауға көмектеседі. Мұнда докторанттар ғылыми пікір таласқа қатысуға, өздерінің ғылыми тұжырымдамаларын негіздеуге және қорғауға машықтанады.

